

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ АЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мемлекет барлық деңгейдегі техникалық және технологиялық білім беруші дамытуға бағытталған тиісті шараларды қолдауда. Президент Жолдауына ХХІ ғасыр деңгейіне білім беру мен кәсіптік даярлау мәселесіне аса көңіл бөлініп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы тағы бір сапалық белесті асқанын, "Қазақстан-2030" өркендеу жоспарында көзделген межеге жыл сайын жаңа қадам басқанымызды білдіреді. Елбасы Н.Назарбаев бұнығы Жолдауында "Қазіргі таңда білім беру сапасының басты міндеті – 2010 жылға дейін білім беруші дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту" деп нақтылай атап көрсетті. Сонымен бірге тақын жылдар ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің инфрақұрылымын жасауды міндеттеді.

Осы орайда Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде атқарылған игі бастамаларға, атап айтқанда, оқу орнының материалдық-техникалық базасының жақсаруы, жаңаша білім беру, ақпараттық технология, ғылыми зерттеулер, педаго-

гы-калық тәжірибе байлығы, білім беру сапасының ИСО 9001-2000 Халықаралық стандартына сәйкестендірілуі, білім беру порталын дамыту, оқу үрдісіндегі жаңа технологияларды кеңінен қолдану, нақтылы виртуалды, зертханалық жұмыстарды енгізу, мультимедиялық Интернет-клубтар, қашықтықтан оқыту тренингтері, студенттердің өзін-өзі басқаруы, қоғамдық-кәсіптік мамандықтар бойынша факультет жұмыстарының жандануы, жеке тұлғаның кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізудегі жетістіктерімізді мақтан етуімізге болады. Технологиялық мамандықтарды игеруде германияның АСИИИ аккредитациялық агенттігінің көмегімен Халықаралық аккредитациядан өткізу жұмыстарының жүргізілуі – жоғары сапалы білім, тәрбие берудің айғағы.

Кәсіби бағдар беру – көпсала-

лы әрі қиын жұмыс. Шын мәнінде бұл – мектептен бастау алатын әлеуметтік-кәсіптік бейімделу, кәсіптік тәрбие. Оның тиімділігі кәсіптік мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің өндіріске қаншалықты жақын екендігіне байланысты. Мамандықты дұрыс таңдау – терең мән берілетін күрделі мәселе. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қайтарымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтау керектігі барлық зиялы азаматтарды толғандырады. Мемлекетімізде жаңа өндіріс орындарының іске қосылуына орай технология жетістіктеріне сүйеніп, өндірісті басқаратын кәсіби білімді мамандар керек. Бүгінде ел экономикасын көтеруде, еліміздің келешегін дамытуда технологиялық мамандарды меңгерген жастарға барлық кәсіп-орындардан сұраныстар өте көп. Барлық деңгейдегі технологиялық білім беруді дамытуға бағытталған шаралар Технологиялық институттың тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау, бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, силикаттар технологиялары және материалдар синтезі, электрохимиялық технологиясы, экология, тамақ өндірісінің технологиясы және тоңазыту техникасы, тоқыма және жеңіл өнеркәсіп тех-

нологиясы кафедраларында ауқымды түрде жүзеге асырылуда. Технологиялық институт – университеттің байырғы және қазіргі ірі қазығы. Бүгінде жоғары білім берудің басым бағыты ретінде отандық экономиканы жас мамандармен қамтамасыз ету мен технологиялық білім беруді дамыту мақсаты көзделген.

Қазіргі уақытта институтымызда еліміз Ұлттық Ғылыми академиясының төрт академигі, 23 ғылым докторы, 50 ғылым кандидаты қызмет атқаруда. Жаңа жетістіктер мен инновациялық технологиялар негізінде зертханалық жұмыстар ұйымдастырылған. Оқу үрдісі сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкес қазіргі заманғы білім беру технологиялары бойынша жүргізіледі. Институтта химиялық, металлургиялық, тау-кен, жеңіл өнеркәсіп орындары үшін мамандар даярлануда. Институттың ғылыми-зерттеу жұмыстары бейорганикалық заттар технологиясы, металлургия, плазмохимия, электрохимия, құрылыс және силикаттар материалдарының технологиясы, қолданбалы экология, тіршілік қауіпсіздігі, тамақ өндірісінің салалары бойынша халықаралық дәрежеде танылған ғылым ошақтарында жүргізіледі. Институттың алдыңғы қатарлы ғалымдары жақын

және алыс шетел мемлекеттерінің жетекші жоғары оқу орындарымен, Қазақстан өнеркәсіп орындарымен тығыз байланыс жасауда. Студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарына тікелей катысып, инженерлік және кәсіпкерлік мәселелерді еркін шешуге дағдыланады.

Институтта магистратура, аспирантура және докторантура бар. Кандидаттық және докторлық диссертация қорғау бойынша арнайы кеңес жұмыс істейді. Студенттеріміз спортта, оқуда озат болумен қатар қоғамдық жұмыстарда өте белсенді, "Дабыл", "Эколог", "Технолог", "Жас химик" атты студенттік ғылыми үйірме клубтары ұйымдастырылған, арнайы тігілген киімдері, эмблемалары, ұрандары таңдалған.

Институтта сан салалы, қазіргі өмірге сай тәрбиеленген нағыз өз ісінің шеберлері даярланады. Студенттердің сапалық құрамы мен сұранысқа сәйкес саны пысықталып, оқу жүйесінің теориялық, әдістемелік дәрежесін жетілдіру бағытында жұмыстар атқарылуда. Жаңа заманның жаңа талаптарының үдесінен шығып, туған ел болашағы үшін аса қажетті мамандық иесі болу – өте күрделі іс. Өздерінің жүрек қалауындағы мамандық иесі болып, жан-жақты білім алып, егемен еліміздің "бір кірпіші болып қалану" – келешек жастарға, талапкерлерге үлкен жауапкершілік. Сондықтан да Сіздерді қызығы мен сыры мол технологиялық мамандықтарды меңгеруге шақырамыз.

С. НАЗАРБЕКОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті технологиялық институтының директоры.